

Пәннің оқу-әдісте  
кешені



Нысан  
ПМУ ҰС Н  
7.18.2/02

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Орындаушылық өнер кафедрасы

«Музыкалық білім беру» 050106 мамандығының студенттеріне  
«Мектеп репертуарының практикумы» пәні бойынша

# **ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

Павлодар 2009



**Пәннің әдістемелікпен қамтамасыз ету картасы**  
**050106 Мектеп репертуарының практикумы**  
 мамандықтың атауы және шифрі

<b>Құжаттың атауы</b>	<b>Автор</b>	<b>Әзірленген жылы</b>	<b>Ескерту</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
Типтік бағдарлама			
Жұмыс бағдарламасы			
Студенттерге арналған пән бағдарламасы			
Дәріс кешені			
Тәжірибе сабақтарына әдістемелік ұсынысы			
СӨЖ материалдар:			
а) СӨЖ және уақыт бюджеті туралы каф.отыр.хаттам. көшірме			
ә) БЖ-на ӘҰ			
б) КП, БЖ т.б. әдістемелік ұсынысы			
в) сабаққа дайындау барысына тапсырмалар			
г) дәріске дайындық барысына тапсырмалар			
д) өзіндік ӘҰ оқуына тапсырмалар			
СОЖ-ін бағалау және бақылау материалдары :			
бақылау шараларына ағымдағы үлгерімге күнтізбелік графигі;			
қорытынды бақылау барысындағы формалар туралы ФОӘ шешімінің көшірмесі;			
ағымдағы бақылау материалдары;			
аралық бақылау материалдары;			
қорытынды бақылау материалдары.			
Пәнді қамтамасыз ету әдістемелік картасы			
ОӘӘ қамтамасыз ету картасы			
Арнайы аудитория, каб.,лаб., тізімі			



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Орындаушылық өнер кафедрасы

# **ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Музыкалық білім беру» 050106 мамандығының студенттеріне  
«Мектеп репертуарының практикумы» пәні бойынша

Павлодар



Мемлекеттік жалпыға міндетті  
мамандықтың білім стандарты  
мен типтік бағдарлама  
негізінде әзірленген  
пәннің жұмыс бағдарламасына  
бекіту парағы

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.1/07

**проректор**

Пфейфер

**БЕКІТЕМІН**

**ОІ**

**жөніндегі**

\_\_\_\_\_ Н.Э.

200\_\_ж. «\_\_\_»\_\_\_\_\_

Құрастырушы: доц. Н.С.Дүкенбай \_\_\_\_\_

Орындаушылық өнер кафедрасы

## **ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Мектеп репертуарының практикумы» пәні бойынша 050106 –  
«Музыкалық білім беру» мамандығының студенттеріне  
арналған.

Жұмыс бағдарламасы мамандықтың жұмыс оқу жоспары және  
элективтік пәндер тізімі брйынша әзірленген 050106 «Музыкалық білім»  
және №\_\_хаттама 200\_ ж. «\_\_\_»\_\_\_\_\_ С.Торайғыров атындағы  
ПМУ Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді

Кафедра отырысында ұсынылған №\_\_\_\_\_хаттама 200\_ ж. «\_\_\_»\_\_\_\_\_

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Е.Жұматаева

Филология, журналистика және өнер факультетінің  
әдістемелік кеңесінде мақұлданды 200\_ж. «\_\_\_»\_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_  
хаттама

ӘК төрайымы: \_\_\_\_\_ Е.Н. Жұманқұлова

**КЕЛІСІЛГЕН**

ФЖжӨ факультетінің деканы \_\_\_\_\_ Ж.Т. Сарбалаев «\_\_\_»  
\_\_\_\_\_ 200\_ ж.

**ЖжӘҚеБ ҚҰПТАЛҒАН**

ЖжӘҚБ бастығы \_\_\_\_\_ Варакута А.А..

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж



Әдістемелік нұсқаулар

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.1/05

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

**С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университеті**

**Орындаушылық өнер кафедрасы**

**«Музыкалық білім беру» 050106 мамандығының студенттеріне  
«Мектеп репертуарының практикумы» пәні бойынша  
тәжірибелік сабақтарынына арналған  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

## Павлодар



Әдістемелік нұсқаулар

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.1/05

**БЕКІТЕМІН**

ФЖжӨФ деканы

Ж.Т.Сарбалаев

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Құрастырушы: доц. Н.С.Дүкенбай \_\_\_\_\_

Орындаушылық өнер кафедрасы

### Тәжірибе сабақтарына арналған **ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

«Мектеп репертуарының практикумы» пәні бойынша 050106 –  
«Музыкалық білім беру» мамандығының студенттеріне  
арналған.

Кафедра отырысында **ұсынылған** №\_\_\_\_\_хаттама 200\_\_ ж.  
«\_\_» \_\_\_\_\_

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Е.Жұматаева

Филология, журналистика және өнер факультетінің  
әдістемелік кеңесінде **мақұлданды** 200\_ж. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_  
хаттама

ӘК төрайымы: \_\_\_\_\_ Е.Н. Жұманқұлова

### **Кіріспе**

«Мектеп репертуарының практикумы» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарына арналған әдістемелік нұсқауларларда берілген материал студенттердің педагогикалық практикада және де болашақ музыка мұғалімі ретінде беріліп отыр. «Мектеп репертуарының практикумы» пәні студенттердің оқу барысында алған тәжірибе, икемділік, білімдері және де музыкалық-орындаушылық, психолого-педагогикалық пәндерге келе тұра, аспапта (домбыра, баян-сырнай, фортепиано, аккордион) ойнау икемділігі арқылы үйрену, ноталарды парақтан оқу, мектеп репертуарын біле тұра қолдану болып есептеледі. Және де хормен жұмыс істеу, үйрену барысында оны дирижерлау.

Мектептегі музыка пәнінің бағдарламасымен танысу, оның ән репертуары мен тақырыптарын білу. Студент мектептегі ән репертуарын біле тұра, оны меңгеру, аспапта орындау, әндету және сол әндерді дирижерлау.

Мектеп әндерін сүйемелдей білу, хормен жұмыс істеген кезінде тәжірибеде пайдалану. Үйткені әрбір сынып - хор болып есептеледі.

### **Тәжірибе нұсқаулардың мақсаты:**

Болашақ маман музыка мұғалімі ретінде және педагогикалық практикада пайдалана білетін студентті оқыту. Кәсіби – педагогикалық жұмысында көрінеді деп сенеміз. Қазіргі мектептің әндер репертуарын білу, оны аспапта ойнау, әндету және оны дирижердлау болып есептеледі.



### **3 курс**

#### **№ 1 Тақырып. Жалпы орта білім беретін қазіргі мектептегі музыка сабақтарының бағдарламасы**

Жоспар:

1. Мектептің музыка пәні бағдарламасымен танысу
2. Тоқсан бойынша музыка сабақтарының тақырыптарымен танысу
3. Тақырыпқа байланысты ән репертуарының сәйкестігі
4. Күнтүзбелік мерекелерге арналған әндерге талдау
5. Сыныптан тыс жұмыстары (хор, вокал ансамблі)

**СӨЖ тәжірибелік тапсырмалар:** мектептегі музыка сабақтарының бағдарламасын білу, тоқсан бойынша берілген тақырыптарға талдау және күнтүзбелік мерекелерге арналған әндерді білу.

**Ұсынатын әдебиеттер:** Ш. Құлманованың бағдарламасы, «Мұрагер» бағдарламасы (А. Райымбергенов), «Елім-ай» бағдарламасы (М. Балтабаев), «тақырыптылық» принципі бойынша жасалған Н. Дүкенбайдың бағдарламасы. Қазақстандық мектептеріне арналған оқулықтар (1-4 сынып, 5-6 сынып)

#### **№ 2 Тақырып. Қазіргі мектептегі бастауыш сыныптарында қолданып жүрген музыка бағдарламасы (Ш. Құлманова, Н. Дүкенбай)**

Жоспар:

1. Мектептің музыка пәні бағдарламасы (Ш. Құлманова, Н.Дүкенбай) – оқулықтар, оқу құралдар, 1-4 сыныпқа арналған мектеп әндер репертуары
2. Тоқсан бойынша тақырыпқа арналған әндер тізімі
3. Бастауыш сыныптың әндерін білу, аспапта орындау

4. Әндерді дирижерлау (хормен жұмыс барысында)
5. Әндерді сүйемелдеп орындау

**СӨЖ тәжірибелік тапсырмалар:** тақырып бойынша бастауыш сыныпқа арналған және күнтүзбелік мерекелерге арналған әндерді білу, әндету, орындау.

**Ұсынатын әдебиеттер:** Ш. Құлманованың бағдарламасы, «тақырыптылық» принципі бойынша жасалған Н.Дүкенбайдың бағдарламасы. Қазақстандық мектептеріне арналған оқулықтар (1-4 сынып).

### **№ 3 Тақырып. 5-6 сыныптарға арналған қазіргі мектептегі қолданып жүрген музыка бағдарламасы**

Жоспар:

1. Мектептің музыка пәні бағдарламасы және 5-6 сыныпқа арналған мектеп әндері
2. Тақырып бойынша 5-6 сыныпқа арналған әндер тізімі
3. 5-6 сынып әндерін білу, аспапта орындау
4. Әндерді дирижерлау (хормен жұмыс барысында)
5. Әндерді сүйемелдеп орындау

**СӨЖ тәжірибелік тапсырмалар:** тақырып бойынша 5-6 сыныпқа арналған және күнтүзбелік мерекелерге арналған әндерді білу, әндету, орындау.

**Ұсынатын әдебиеттер:** Е.Енсеповтың 5-6 сыныпқа арналған бағдарлама және Қазақстан мектептеріне арналған оқулықтар (5-6 сынып).

### **№ 4 Тақырып. Мектептен тыс хор жұмысына арналған репертуар және бағдарлама**

Жоспар:

1. Мектеп сыныптан тыс жұмыстары (хор, вокал топтар, жеке әншілер)
2. Сабақтан тыс жұмыстарының ән репертуары (хор, ансамбль, жеке әншілер)
3. Күнтүзбелік мерекелерге арналған әндер (Жаңа жыл. 8 Наурыз. Мемлекеттік мереке «Наурыз», Республика күні. Тәуелсіздік мереке т.б.)
4. Мектеп әндерін білу, орындау

**СӨЖ тәжірибелік тапсырмалар:** күнтүзбелік мерекелерге арналған әндерді білу, әндету, орындау.

**Ұсынатын әдебиеттер:** музыка бағдарламасы, «тақырыптылық» принципі бойынша жасалған Н.Дүкенбайдың бағдарламасы. Қазақстандық мектептеріне арналған әндер (Н.Дүкенбай, Қ.Сатиев т.б.)

## **№ 5 Тақырып. Мектепте вокал тобын құру және жеке әндету ұжымын ұйымдастыра білу**

Жоспар:

1. Мектеп хорын ұйымдастыра білу (бастауыш хоры)
2. Мектепте вокал тобын құрастыру және әдістемелік нұсқаулар
3. Эстрада студиясын құру және ұйымдастыру

**СӨЖ тәжірибелік тапсырмалар:** әндерді жинау, жазу, жинақтау, талдау. Балалармен әнге құрастыра білу, әндерді орындау, білу, ойнау және дирижерлау.

**Ұсынатын әдебиеттер:** Н.Дүкенбайдың жаңа әндері, бағдарламасы және Қазақстандық мектептеріне арналған әндер.

### **Ұсынатын әдебиет тізімі**

#### **Негізгі әдебиет:**

1. Соколов В.Г. Работа с хором. – М., 1-83
2. Осеннева М.С., Саморин В.А., Укалова Л.И. Методика работы с детским вокально-хоровым коллективом. – М., 1980
3. Струве Г.П. Школьный хор: Книга для учителя. – М., 1988
4. Стулова Г.П. Хор класс: Теория и практика работы в детском хоре. – М., 1988
5. Э.Б. Абдуллин, Е.В. Николаева. Содержание и организация занятий в различных формах общего музыкального образования. Липецк. – 2006
6. Профессионально-педагогическая подготовка учителя музыки // Межвузовский сборник научных статей. Алматы. – 2004

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 1 сынып
2. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 2 сынып
3. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 3 сынып
4. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 4 сынып
5. Е.Енсепов. Орта мектебіне арналған оқулық. 5 сынып
6. Е.Енсепов. Орта мектебіне арналған оқулық. 6 сынып
7. Н.Дүкенбай «Балаларға арналған әндер» 2006
8. Н.Дүкенбай «Жырлайды жүрек» 2009
9. Н.Дүкенбай, Ғ.Жұматов «Астанам әсем-асқақ ән» 2008

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

**С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университеті**

**Орындаушылық өнер кафедрасы**

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ЖЕТІСТЕРІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ  
ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАРЫСЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДАР**

## **ПАВЛОДАР**

### **ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

«Мектеп репертуар практикумы» атты пәнніне арналған емтихан 3 курста жүреді және де мектепке арналған әндерді білу, аспапта орындау, оны хорда дирижерлау болып табылады.

**Ауызша жауап беру** – тоқсанның тақырыптарын білу, бастауыш және 5-6 сыныпқа арналған әндерді білу.

**Шығармашылық емтихан:** мектеп репертуарынан әндерді аспапта орындау, әндету және дирижерлау.

#### **Емтихан билетінен ілгі ретінде:**

1. 2 сынып 3 тоқсанның тақырыбын ашыңыз және оған қандай әндер жатады.
2. 4 сыныптағы ҚР Әнұранын аспапта орындап, әндетіп беріңіз



Әдістемелік нұсқаулар

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.1/05

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**

**С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік  
университеті**

**Орындаушылық өнер кафедрасы**

050106 «Музыкалық білім беру» мамндығының студенттеріне  
«Мектеп репертуарының практикумы» пәніне арналған

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **Павлодар**

### **СӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

**№ 1 Тақырып. Жалпы орта білім беретін қазіргі мектептегі музыка сабақтарының бағдарламасы.**

Тәжірибелік сабақтарына дайындық, үй тапсырмасын орындау. Дәріс сабақтарына дайындық. Аудиториялық мазмұнына кірмеген материалдарды меңгеру. Бақылау шараларға дайындық (межелік бақылау) т.с. (Мектептің музыка пәні бағдарламасымен танысу. Тоқсан бойынша музыка сабақтарының тақырыптарымен танысу. Тақырыпқа байланысты ән репертуарының сәйкестігі. Күнтүзбелік мерекелерге арналған әндерге талдау. Сыныптан тыс жұмыстары (хор, вокал ансамблі).

**№ 2 Тақырып. Қазіргі мектептегі бастауыш сыныптарында қолданып жүрген музыка бағдарламасы (Ш. Құлманова, Н. Дүкенбай)**

Тәжірибелік сабақтарына дайындық, үй тапсырмасын орындау. Дәріс сабақтарына дайындық. Аудиториялық мазмұнына кірмеген материалдарды меңгеру. Бақылау шараларға дайындық (межелік бақылау) т.с. (Мектептің музыка пәні бағдарламасы (Ш. Құлманова, Н.Дүкенбай) – оқулықтар, оқу құралдар, 1-4 сыныпқа арналған мектеп әндер репертуары. Тоқсан бойынша тақырыпқа арналған әндер тізімі. Бастауыш сыныптың әндерін білу, аспапта орындау. Әндерді дирижерлау (хормен жұмыс барысында). Әндерді сүйемелдеп орындау).

**№ 3 Тақырып. 5-6 сыныптарға арналған қазіргі мектептегі қолданып жүрген музыка бағдарламасы**

Тәжірибелік сабақтарына дайындық, үй тапсырмасын орындау. Дәріс сабақтарына дайындық. Аудиториялық мазмұнына кірмеген материалдарды меңгеру. Бақылау шараларға дайындық (межелік бақылау) т.с. (Мектептің музыка пәні бағдарламасы және 5-6 сыныпқа арналған мектеп әндері. Тақырып бойынша 5-6 сыныпқа арналған әндер тізімі. 5-6 сынып әндерін

білу, аспапта орындау. Әндерді дирижерлау (хормен жұмыс барысында). Әндерді сүйемелдеп орындау).

**№ 4 Тақырып. Мектептен тыс хор жұмысына арналған репертуар және бағдарлама**

Тәжірибелік сабақтарына дайындық, үй тапсырмасын орындау. Дәріс сабақтарына дайындық. Аудиториялық мазмұнына кірмеген материалдарды меңгеру. Бақылау шараларға дайындық (межелік бақылау) т.с. (Мектеп сыныптан тыс жұмыстары (хор, вокал топтар, жеке әншілер). Сабақтан тыс жұмыстарының ән репертуары (хор, ансамбль, жеке әншілер). Күнтүзбелік мерекелерге арналған әндер (Жаңа жыл. 8 Наурыз. Мемлекеттік мереке «Наурыз», Республика күні. Тәуелсіздік мереке т.б.). Мектеп әндерін білу, орындау).

**№ 5 Тақырып. Мектепте вокал тобын құру және жеке әндету ұжымын ұйымдастыра білу**

Тәжірибелік сабақтарына дайындық, үй тапсырмасын орындау. Дәріс сабақтарына дайындық. Аудиториялық мазмұнына кірмеген материалдарды меңгеру. Бақылау шараларға дайындық (межелік бақылау) т.с. (Мектеп хорын ұйымдастыра білу (бастауыш хоры). Мектепте вокал тобын құрастыру және әдістемелік нұсқаулар. Эстрада студиясын құру және ұйымдастыру



### **Ұсынатын әдебиет тізімі**

#### **Негізгі әдебиет:**

1. Соколов В.Г. Работа с хором. – М., 1-83
2. Осеннева М.С., Саморин В.А., Укалова Л.И. Методика работы с детским вокально-хоровым коллективом. – М., 1980
3. Струве Г.П. Школьный хор: Книга для учителя. – М., 1988
4. Стулова Г.П. Хор класс: Теория и практика работы в детском хоре. – М., 1988
5. Э.Б. Абдуллин, Е.В. Николаева. Содержание и организация занятий в различных формах общего музыкального образования. Липецк. – 2006
6. Профессионально-педагогическая подготовка учителя музыки // Межвузовский сборник научных статей. Алматы. – 2004

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 1 сынып
2. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 2 сынып
3. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 3 сынып
4. Ш.Құлманова. Орта мектебіне арналған оқулық. 4 сынып
5. Е.Енсепов. Орта мектебіне арналған оқулық. 5 сынып
6. Е.Енсепов. Орта мектебіне арналған оқулық. 6 сынып
7. Н.Дүкенбай «Балаларға арналған әндер» 2006
8. Н.Дүкенбай «Жырлайды жүрек» 2009
9. Н.Дүкенбай, Ғ.Жұматов «Астанам әсем-асқақ ән» 2008

**«МЕКТЕП РЕПЕРТУАРЫНЫҢ  
ПРАКТИКУМЫ»  
ПӘНІНІҢ ДӘРІС МАТЕРИАЛДАРЫ**

**3 сынып**  
**Бірінші тоқсан**  
**Бірінші сабақ – 1 сағат**

**Негізгі бағыт:** Екінші сыныптан алған білім – дағдыларын, икемділіктерін, музыка сауатынан, тыңдаған музыка мен үйренген шығармаларын, әндерін қайталап, еске салу.

**Негізгі мақсат:** жазғы демалыста алған әсерлері туралы әңгіме өткізу, тыңдаған, үйренген әндері, күйлері, халық музыкасы мен классикалық музыка туралы әңгімелесу. Қандай концерттерде болып, мерекелік кештерге қатысқаны туралы пікір алмасу.

**Екінші сабақ - 2 сағат**

Тоқсанның негізгі тақырыбы: **Ән, би, күй және маршты әуенділікке, ырғақтылыққа, екпінділікке ұласуы және олардың ерекшелігі.**

**Тоқсанның негізгі мақсаты:** музыка-жанрларының әуенділігіне, ырғақтылығына, ерекшелігіне, екпінділігіне көңіл аудару. Тыңдау, орындау барысын анықтау.

**Сабақтың мақсаты:** оқушының музыкалық сауатын ашу және музыкалық терминдермен танысу. Такт, такт сызығы, әлді-әлсіз үлестер. Увертюра. Әнді орындағанда – унисонды таза орындау, биіктігін таза, дәл және дыбысты созып айта білу, үйрену. Дыбыстың шығуына, пайда болуына, айқайламай орындауға тәрбиелеу. Балалардың білімінің деңгейі, ой-өрісін кеңейту.

**Сұрақтар:** Әннің дамуы неде?  
Музыка қалай өзгереді?  
Қалай түрленеді?

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Айтыс» - тыңдау.
2. «Сүйікті мектебім» Ө.Байділдаев - үйрену.
3. «Әр қашан күн сөнбесін» А. Островский - тыңдау, үйрену.
4. «Қазақ вальсі» Л. Хамиди - тыңдау.
5. «Өнерпаз баламыз» Н.Дүкенбай - қайталау.
  
6. «Абайдың желдірмесі» - ән-күй - тыңдау, үйрену.
7. «Кармен» операсынан Увертюра. Ж.Бизе - тыңдау.

### **Үшінші сабақ - I сағат**

**Сабақтың тақырыбы:** Ән, би, күй, марш түрлерінің - әуенділікке, екпінділікке, ырғақтылыққа ұласуы, оның дамуы. (2-ші сабақты жалғастыру).

**Негізгі мақсаты:** музыка тыңдау мәдениеті, эмоциялық сезімталдығы, хормен ән айту дағдыларын әрі қарай жетілдіру және нотамен ән айтуға жаттықтыру.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Кармен» операсынан Увертюра. Ж.Бизе - тыңдау.
2. «Абайдың желдірмесі» ән-күй - тыңдау, орындау.
3. «Сүйікті мектебім» Ө.Байділдаев - қайталау.
4. «Полонез» Ф.Шопен - тыңдау.
5. «Мұғалім ол біздің» - И.Нүсіпбаев – қайталау.

### **Төртінші сабақ – 2 сағат**

**Негізгі тақырып:** «Әуенділік». Негізгі және күрделі жанрларда музыканың әуенділігі және оның дамуы.

**Мақсаты:** Музыка өмірмен байланысты, үлгі арқылы (музыкалық шығармалар) әуенділікті дәлелдеу. Күрделі жанрлармен тереңірек танысып, шамасына қарай орындау шеберлікті дамыту.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Конек – Горбунок» - балетінен оркестрлік кіріспе. Р.Шедрин - тыңдау.
2. «Таң» – «Пер Гюнт» сюитасынан үзінді. Э.Григ - тыңдау.
3. «Мұғалім ол біздің» И.Нүсіпбаев - қайталау.
4. Симфониялық поэма «Теміртау таңы» Ғ.Жұбанова. Тыңдау.
5. Музыкалық сауат: Әлді-әлсіз үлестер. Такт-такт сызығы. Өлшемдер. Дирижерлық сілтеу.
6. «Сүйікті мектебім» қайталау.
7. «Абай» операсынан - Абайдың ариясы. Ахмет Жұбанов - Л.Хамиди - тыңдау.

### **Бесінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырыбы:** Музыкадағы әуенділік, оның дамуы.

**Мақсаты:** Мәнерлеп орындаушылық икемділігі мен дағдылары және Абайдың шығармашылығымен танысу.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Абайдың ариясы» «Абай» операсынан. А.Жұбанов-Л.Хамиди - тыңдау.
2. «Айттым сәлем, қаламқас» Абай - тыңдау.
3. «Көзімнің қарасы» Абай – тыңдау, үйрену.
4. «Таң» «Пер Гюнт» сюитасынан (негізгі тақырып) Э.Григ - орындау.
5. «Айгөлек» Б.Байқадамов – қайталау.
6. «Сусаниннің ариясы» «Иван Сусанин» операсынан. М.Глинка – тыңдау.
7. «Сүйікті Отаным» Б.Ғазитов - тыңдау, үйрену.

**Алтыншы сабақ – 2 сағат**

**Тақырыбы:** Музыкадағы би ырғақтылығы және оның дамуы.

**Мақсаты:** Негізгі тақырыпты кеңейту, ой-өрісін кеңейту, ырғақ сезімін дамыту, мәнерлеушілік дағдылырын қалыптастыру.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Ортеке» А.Еспаев - тыңдау, орындау.
2. «Айгөлек» Б.Байқадамов – тыңдау, орындау.
3. «Ақ құс туралы аңыз» балеті. Ғ.Жұбанова – тыңдау.
4. «Сүйікті мектебім», «Мұғалім ол біздің» – қайталау
5. «Арагон хотасы» М.Глинка - тыңдау.

**Жетінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып: Аспаптық және вокалдық музыкадағы би ырғақтылығы және оның дамуы.**

**Негізгі мақсат:** Негізгі тақырыпты жалғастыру, орындау, оқушылардың орындау шеберлігін дамыту. Музыкалық сауат арқылы музыка мәнерлеу тәсілдерін байқау, мәнерлеу құралдарын білу.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Арагон хотасы» М.Глинка — тыңдау, орындау.
2. «Жастар биі» халық күйі — тыңдау, орындау.
3. «Айгөлек» Б.Байқадамов – тыңдау, орындау.
4. «Сүйікті Отаным» Б.Ғазитов – орындау.
5. «Былқылдақ», «Сылқылдақ» Тәттімбеттің күйлері – тыңдау.
6. Балалардың қалауы бойынша әндерді қайталау: Қазақстан Республикасы мемлекеттік Әнұраны. Сүйікті Отаным. Сүйікті мектебім т.б.  
а) «Әсем қоңыр» Д.Нүрпейісова – тыңдау.

**Сегізінші сабақ – 1 сағат**

**Негізгі тақырып: аспаптың және вокальдық музыкадағы марш екпінділігі мен ырғағы және оның дамуы.**

**Мақсаты:** алтыншы сабақтың мақсатын жалғастыру. Жанр-марш.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «№ 5 симфония» – III бөлім – Л. Бетховен – тыңдау.
2. «Сүйікті Отаным» Б.Ғизатов – қайталау.
3. «Учитель-Мұғалім» күй, Қазанғап – тыңдау.
- а) «Полонез» Ф. Шопен – тыңдау.
- ә) «Әрқашан күн сөнбесін» – тыңдау.
- б) «Жас ұландар маршы» Б.Ғизатов – қайталау.

**Тоғызыншы-оныншы сабақтар – 3 сағат**

**Негізгі тақырып:** домбыра музыкасының, күйдің әуенділігі, бидің ырғақтылығы, марш екпінділігі және даму ерекшелігі.

**Мақсаты:** берілген екі сабақты кеңейте отырып, қазақ аспапты музыкасының, оның ішінде домбыра музыкасының, оған салыстыра әннің, бидің, марштың әуенділік, би ырғақтылық, марш екпінділік және күй ерекшелігін сездіру және тәрбиелік мақсатына тоқталу: музыканың негізгі бағындыру күшін көрсету.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Сүйікті Отаным» Б.Ғизатов – орындау.
2. «Ұшардың ұлуы» Қорқыт күйі — тыңдау.
3. «Айжан қыз», «Келіншек», «Жастар биі» - тыңдау.
4. «Көкейкесті» Тәттімбет — тыңдау.
5. «Перауский марш» Құрманғазы - тыңдау
6. Әндерді қайталау.
7. «Ақсақ құлан» халық күйі – тыңдау.

**Қорытынды сабақ – концерт**

**Негізгі тақырыптарды қайталау:** әннің, биді, күйдің, марштың - әуенділігі, екпінділігі, ырғақтылығы және ерекшелігі, олардың дамуы.

**Ж о с п а р:**

1. Орыдайтын әндер: «Мұғалім ол біздің»;  
«Сүйікті мектебім»;  
«Сүйікті Отаным»;  
«Айгөлек»;  
«Таң», «№ 5 симфонияның» III бөлімі.

**Екінші тоқсан**

**Бірінші сабақ – 2 сағат**

**Сабақ - қайталау.** Бірінші тоқсанда өткен тақырыптарды еске түсіріп - қайталау.

**Негізгі мақсат:** I тоқсанда өткен әндерді, тыңдаған шығармаларды, музыкалық саутты еске түсіру. Үлгі арқылы тақырыптарды қайталау, орындау, әңгімелеп қайталау, әннің әуенін, сөзін (мәтінін), авторларын еске түсіру.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Во поле береза стояла» - орыс халық әні.
2. «Төлдер» - Б.Ғизатов.
3. «Таң» - Э.Григ.
4. «№ 5 симфония» III бөлімі - Л.Бетховен.
5. «Сүйікті мектебім» - Ө.Бәйділдаев.
6. «Сүйікті Отаным» - Б.Ғизатов.
7. «Айгөлек» - Б.Байқадамов.
8. «Арагон хотасы» - М.Глинка.
9. «Жастар биі» - халық күйі.
10. «Қара торғай» - Ақан сері.
11. «Бүгін қай күн?» - С.Мухамеджанов.
12. «Кімнің құлағы ұзын?» - Ғ.Жұбанова.

**Екінші сабақ – 2 сағат**

**Екінші тоқсанның негізгі тақырыбы:** «Интонация» (дыбыс ырғағы), «Интонация – ол дән».

**Мақсаты:** Әр түрлі әндер, шығармалар арқылы балалардың сезімталдығын дамытып, интонация екендігін ұқтыру.

Сұрақтар:

- Интонация беген не?
- Қалай пайда болады?
- Неден шығады?

Салыстыру арқылы музыкада ерекше интонация бар екені, оны орындау шеберлік арқылы жеткізіледі және қолдана алу көзделеді.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Қара торғай» Ақан сері.
2. «Бүгін қай күн?» С.Мұхамеджанов.
3. «Балтунья» С.Прокофьев.
4. «Елім-ай».
5. «Кімнің құлағы ұзын?» Ғ.Жұбанова.
6. «Перепелочка» - белорусс халық әні.

**Үшінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Музыка мен тіл интонациясының мәні, олардың бірлігі.

**Негізгі мақсат:** Тіл және музыка интонациясының ерекшелігі, олардың айырмашылығы және бірлігі. Тыңдалатын шығармалар, орындалатын әндер арқылы тәжірибелік жұмыстар атқару. Музыканың негізгі дәні интонациясында, оның әуенділігі мен екпінділігі, ырғағын айқындау,

оларды ажырат отырып, жалпы мәнерлеуге тоқталу. Қазақ халқының әндерінің ерекшелігіне тоқталу (лирикалық, тақпақ сазды әндер).

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Кімнің құлағы ұзын?» Ғ.Жұбанова - үйрену.
2. «Қара торғай» - үйрену.
3. «Марш» Э.Григ – тыңдау.
4. «Балтунья» С.Прокофьев – тыңдау.
5. «Қазақстан жалауы» Н.Дүкенбай – үйрену.
6. «Естайдың термесі» М.Төлебаев – тыңдау.

**Тақырып:** Интонация шығармалардың, әндердің әуенділігін, ырғағын, екпінділігін көрсетеді, музыка сипатын, ерекшелігін ашады. **Мақсаты:** Ырғақ арқылы музыкалық шығармалардың интонациясын байқау, ал әуенділік пен екпінділік интонацияға қажет. Интонацияның бір қасиеті – музыканың сипатын ашып-көрсету, ән орындағанда осы қасиетке көңіл аудару.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Үш құрбы» Д.Кабалаевский – тыңдау.
2. «№»5 симфония» III бөлім. Л.Бетховен – тыңдау, орындау.
3. «Қазақстан жалауы» Н.Дүкенбай – қайталау.
4. «Мы догоним вас» - орындау.
5. «Етікші» Д.Ботпаев – орындау.

**Бесінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Бейнелеу мен суреттеу интонациясы.

**Мақсаты:** Өмірде кездесетін жағдай, табиғатта болатын суреттемелерді бейнелейтін, суреттейтін музыкалық шығармаларды тыңдап, әуендерді орындап, тәжірибелік жұмыстар істеу. Дыбыстың тазалығына, оның таза интонациясына көңіл қою, орындап әндермен танысу.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Балдырған әні» Ш.Қалдаяқов – тыңдау, үйрену.
2. «Аққу» Н.Тілендиев – тыңдау.
3. «Көкек» Х.Мұхамедов – үйрету.
4. «Торғай арасында» М.Төлебаев – тыңдау.
5. «Қарлығаш» халық әні – тыңдау, үйрену.
6. «Перепелочка» – қайталау.
7. Қорытынды.

**Алтыншы сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Мәнерлік пен бейнелеушілік музыкада қатар жүреді, олардың қасиеттері.

**Мақсаты:** Бесінші сабақтағыдай, оны толықтыра жалғастыру.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**



1. «Алты қаз» биі - «Қыз Жібек» операсынан. Е.Брусилковский – тыңдау.
2. «Көкек» Х.Мұхамедов – қайталау.
3. «Көрікті шыршамыз» Ө.Байділдаев – үйрену.
4. «Шырша әні» Л.Хамиди – үйрену т.б. әндер.

### **Жетінші сабақ (қорытынды сабақ)**

#### **Тақырыбы: 2 тоқсанның тақырыбын дамыту.**

**Негізгі мақсат:** Музыканың негізгі интонациясы шығармаларды мәнерлеу арқылы дамытады, олардың бірлестігі және қасиеттері. Ырғақ, екпін, дыбыстың күштілігі, биіктігі, мәнерлеу қасиеті. Олар музыканың сипатын ашады, дамытады.

#### **Қолданған музыкалық шығармалар:**

1. «Бүгін қай күн?» – орындау.
2. «Кімнің құлағы ұзын?» - орындау.
3. «Балтунья», «Естайдың термесі» - тыңдау.
4. «№ 5 симфония» III бөлімі – тыңдау.
5. «Қазақстан жалауы» – орындау.
6. «Алты қаз» биі – тыңдау.
7. «Көкек» – орындау.

### **Үшінші тоқсан**

#### **Тоқсанның негізгі тақырыбы: Музыканың дамуы.**

#### **Бірінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Екінші тоқсандағы негізгі тақырыптарды еске алу, қайталау.

**Мақсаты:** Үйренген әндерді, тыңдаған музыкалық шығармаларды еске түсіріп, қайталау арқылы орындау, сауаттылықтарын бекіту, орындаушылық шеберлігін дамыту, аттарын білу, композиторлар туралы шығарамашылығы туралы мағлұматтар алу.

#### **Қолданған музыкалық шығармалар:**

1. «Бүгін қай күн?» – орындау.
  2. «Кімнің құлағы ұзын?» - орындау.
  3. «Балтунья», «Естайдың термесі» - тыңдау.
  4. «№ 5 симфония» III бөлімі – тыңдау.
  5. «Қазақстан жалауы» – орындау.
  6. «Алты қаз» биі – тыңдау.
  7. «Көкек» – орындау.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

«Петя және қасқыр» С.Прокофьев – тыңдау (Петяның тақырыбы).

«Домбырасыз сән қайда?» И.Нүсіпбаев – үйрету.

1. «Әр түрлі балалар» - орындау.
2. «Во поле береза стояла» – орындау.

### **Үшінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Музыканың дамуы дегеніміз - ол адамның көңіл-күйі, ойы және пікірі.

**Мақсаты:** Адамның көңіл-күйі музыкаға қалай әсер етеді? Әлде музыка адамның көңіл-күйіне әсер ете ме? Осыны үлгі - орындау арқылы дәлелдеу, көрсету. Орындау шеберлікті дамыту (нотамен орындау, канонды айту т.с.).

1. «Петя және қасқыр» Петяның тақырыбы. С.Прокофьев – тыңдау.
2. «Во поле береза стояла» – орындау (канон).
3. «№ 4 симфония» финал. П.Чайковский – тыңдау.
4. «Сөз ойыны» - орындау, үйрену.
5. «Ақша қар» К.Қуатбаев – үйрену.
6. «Әсем қоңыр» Д.Нүрпейісова – тыңдау.
7. «Сүйікті мектебім», «Сүйікті Отаным» - қайталау.
8. «Шәкірттер вальсі» Н.Дүкенбай – үйрену.
9. «Ақсақ құлан» - аңыз күй – тыңдау.
10. «Наурыз тойы» Т.Мұратов – үйрету.

### **Төртінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Мажор - минор сазын түсіну, оның музыканың дамуына әсер етуі. Музыканың дамуы - музыканың бейнелеушілік мазмұнын түсіну.

**Мақсаты:** Мажор - минор сазына түсінік беру, оны айыра білу, тыңдап, орындап сезіну. Музыкалық сауатын ашу. Сөз мәтіні және әні (әуені) қалай бірлеседі. Мазмұны музыканы өзгерте ме? Оны дәлелдеу ретінде орындау.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Сөз ойыны» - қайталау.
2. «Шәкірттер вальсі» Н.Дүкенбай – қайталау.
3. «Тоғай арасында» М.Төлебаев – тыңдау.
4. «Батыр бала Болатбек» А.Еспаев – тыңдау, үйрену.
5. «Анамызға мың алғыс» Б.Ғизатов – үйрену.
6. «Вальс» Ф.Шуберт – тыңдау.
7. «Сегізінші наурыз күні» Н.Дүкенбай – үйрену.
8. «Кімнің құлағы ұзын?» Ғ.Жұбанова – қайталау.
9. Қорытынды.

### **Бесінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Музыканың дамуы – ол музыканың мәнерлеу құралдары: әсерлеу, екпін, ырғақ, саз, бояуы т.б. Орындаушылық шеберлігінің дамуы.

**Мақсаты:** Динамика, екпін, ырғақ, сөз, диапазон, регистр – музыканы өзгертеді, дамытады. Олар орындаушының шеберлігіне байланысты. Өткен (өтілген) әндерді, шағын әндерді қайталау, қайталағанда басқа, тақырыпқа байланысты көрсету және орындау.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «8 наурыз күні» - орындау.
2. Музыкалық сауат: мажор – минор.
3. «Құстар қайтып келеді» Н.Дүкенбай – үйрену.
4. «Балбырауын» Құрманғазы – тыңдау.
5. «Біздің сынып» А.Еспаев – үйрену.
6. «Тоғай арасында» - тыңдау, орындау.
7. Музыкалық сауат: сольфеджио ...

**Алтыншы сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Музыканың дамуы – интонацияның және тақырыбының қарама-қарсылығы, оның сипаты.

**Мақсаты:** Музыканың бір қасиеті - қарама-қарсылық. Оны қалай түсіну, сезіну - балаларға қарапайым сөздермен жеткізу, жан - сезімін ояту.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Құстар қайтып келеді» Н.Дүкенбай – орындау.
2. «Біздің сынып» А.Еспаев – үйрену.
3. «№ 7 және № 20 прелюдия» Ф.Шопен – тыңдау.
4. Музыкалық сауат.
5. «Таң», «Тау королінің үңгірінде» Э.Григ – тыңдау, орындау.
6. «Наурыз тойы» Т.Мұратов – тыңдау, орындау.
7. Қорытынды.

**Жетінші сабақ – 2 сағат**

**Қорытынды сабақ,** тақырыптарды қайталау. Наурыз мерекесін арнайы бағдарламамен өткізу, концерт ұйымдастыру.

**Мақсаты:** Музыканың дамуына не себеп? Нені өзгертеді? Не әсер етеді? Орындау шеберлігін дамытып, бекіту. Есту сезімін дамыту, тәрбиелеу.

**Төртінші тоқсан**

**Тоқсанның негізгі тақырыбы: Музыканың құрылысы (формасы).**

**Негізгі мақсаты:** Шығармалардың бөлімдерінің ауысуы – сипатының өзгеруіне байланысты.

### **Бірінші сабақ – 1 сағат**

**Тақырып:** Сабақ-қайталау (Интонация. Музыканың дамуы).

**Мақсаты:** Өткен тақырыптарды қайталау, әңгімелесу және шығармаларды, әндерді қайталау. Музыкалық сауатты бекіту.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Біздің сынып» А.Еспаев – орындау.
2. «Наурыз тойы» Т.Мұратов – үйрету.
3. Музыкалық сауат.
4. «Пастушья песня» – үйрету.
5. «Туған ел» Л.Хамиди, не «Отаным» Н.Дүкенбай – тыңдау, үйрену.
6. «№ 6 симфония» П.Чайковский – тыңдау.
7. «Бала уату» халық әні – тыңдау.
8. «Сарбаздар маршы» Қ.Сәтиев – тыңдау, үйрену.

### **Екінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** 2-3 бөлімді шығармалар және оларға сипаттама.

**Мақсаты:** Үлгі арқылы тыңдалатын шығармалар, орындалатын әндерді талдай келе әндердің формасына, неше бөлімді екеніне көңілін аудару.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Пастушья песня» - орындау.
2. «Наурыз тойы» Т.Мұратов – орындау.
3. «Әлди-әлди» халық әні – тыңдау.
4. «Калинка» орыс халық әні – тыңдау.
5. «Туған күн» Н.Дүкенбай - үйрену.
6. «Жайдарман» халық әні – тыңдау, үйрету.

### **Үшінші сабақ – 2 сағат (2 сабақтың жалғасы)**

**Тақырыбы, мақсаты** өткен сабақтағыдай.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Туған ел» Л.Хамиди – тыңдау.
2. «Кімнің құлағы ұзын?» Ғ.Жұбанова – орындау.
3. «Сольвейгтің әні» Э.Григ – тыңдау.
4. «Пастушья песня» - орындау.

5. «Ата толғауы» Н.Тілендиев – орындау.
6. «Таң», «Кеш» Қ.Қуатбаев – тыңдау.
7. Музыкалық сауат.

### **Төртінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Рондо формасы.

**Мақсаты:** Музыка құрылуын - формасын әрі қарай жалғастыру. Үлгі арқылы балалар **рондоға** өздері түсіне жетсін.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Ата тоғауы» Н.Тілендиев – тыңдау.
2. «Қос алқа» Дәулеткерей – тыңдау.
3. «Абайдың ариясы» «Абай» операсынан, А.Жұбанов - Л.Хамиди – тыңдау
4. «Кеш жарық» А.Қоразбаев, «Туған жер» Б.Тәжібаев - орындау.
5. Нотамен ән орындау.

### **Бесінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып :** Вариация формасы.

**Мақсаты:** Үлгі арқылы тыңдайтын, орындайтын шығармалардың сипаты, оның құрылысы, не себептен өзгереді (қарама-қарсылық, мәнерлеу тәсілдері). Оның ішінде – вариация.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Қос алқа», «Ата толғауы» - үзінділер – орындау.
2. «Қараторғай», «Майра» – тыңдау.
3. «Жазда» Д.Гусенцев – үйрету.
4. «Қара торғай» әніне вариация. М.Меңдіғалиев - тыңдау.
5. «Камаринская» орыс халық әні – тыңдау.
6. «Сольвейгтің әні», «Анитраның биі» Э.Григ – тыңдау.

### **Алтыншы сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** Күрделі жанрлар – увертюра, соната, сюита, симфония, концерт және тембр.

**Мақсаты:** Біз білетін жәй жанрлар бізді қайда жетеледі? Ән. Би. Марш. Күй. Олар арқылы күрделі жанрлармен танысу. Күрделі жанрлар нені бейнелейді? Нені суреттейді? Оның ішінде: опера, симфония, сюита, увертюра, оратория, концерт. Көркемдеу, мәнерлеу, оның сипатына бір дәлел – бояу (тембр), әр түрлі аспаптармен танысады.

#### **Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. «Капитан Гранттың балалары» И.Дунаевский, к/фильм. Увертюра.
2. «Тореодор маршы» «Кармен» – операсынан. Ж.Бизе – орындау.

3. «Увертюра» – тыңдау.
4. «Кармен-сюита» Р.Щедрин – тыңдау.
5. Әндер.
6. «Жануарлар карнавалы» – сюита К.Сен-Санс – тыңдау.
7. Нотамен әндерді орындау.

### **Жетінші сабақ – 2 сағат**

**Тақырып:** өткен тақырыптарды, әндерді орындау, тыңдаған музыкалық шығармаларды еске алу. Орындалатын әндер, тыңдалған шығармалар арқылы композиторлардың стиліне көңіл аудару.

**Мақсаты:** балалардың назарына, ұғымдарына - әуенділік, ырғақтылық, екпінділік, интонация, даму және бояуына аудару, бекіту. Композитордың стилін анықтау (талдай білу).

Оның ішінде: Л.Бетховен, Ғ.Жұбанова, Н.Тілендиев, Қорқыт, Э.Григ, Ж.Бизе, М.Төлебаев, Л.Хамиди. Әндердің мәнерлеу құралдарына сай орындау. Жыл бойы алған білімдерін көрсету, тексеру, бағалау. Орындау шеберлігін байқау.

Қорытынды концерт ұйымдастыруға болады. Мұғалім балалармен бірігіп арнайы бағдарлама жасау істінде болсын. Сабақ – концерт сәтті өтсін дейміз.

### **Соңғы сабақ - концерт.**

#### **Әнді орындау және музыка қабылдау ережесі**

Аузыңды бір қалыпта алып, дыбысты «бүрмелеу» арқылы шығаруға дағдыланыңыз.

Әнде кездесетін дауысты дыбыстарды созып, ал дауыссыз дыбыстарды қысқа, анық (орындаңыз) шығарыңыз.

Ән салып тұрғанда музыкалық фразаны аяғына дейін тыныс алып үзбеңіз.

Ән айтқанда, музыкалық шығырманы тыңдағанда оның не туралы баяндайтынын есте сақтаңыз.

Үйренетін әндердің сөздерін жатқа біліңіз.

Әнді немесе музыканы тыңдап отырғанда, еш жаққа көңіл бөлмей, бар ықыласыңмен зейін қойып, ұйып тыңдауға дағдыланыңыз.

Дауысты бірдей бастап, бірдей аяқтаңыз, бір мезетте тыныс алуға үйреніңіз.

Ән әуенін әдемілеп, мәнерлеп орындауды ұмытпаңыздар.

## **2 сынып**

## **БІРІНШІ ТОҚСАН**

### **Бірінші сабақ – 2 сағат**

**Негізгі тақырып:** Музыкадағы негізгі төрт жанр - эн, би, марш, күй.

**Сабақтың мақсаты:** Балаларды музыкаға қызықтыру. Музыка мен өмірдің байланысын көрсету.

**Тәрбиелік мақсаты:** Өмірдің алуан қыры мен сырын танып білу. «Музыканың өзі де - өмір» дегенге көз жеткізу. Музыка мен өмір жеке-жеке болмайды. Музыка адамдар үшін жазылады және оларсыз өмір сүрмейді. Өз еліңнің музыкасын сүй, Отанын сүй, мектебін қадырлеу.

**Дамыту мақсаты:** Балаларға музаканың үш саласын көрсету:

1. Шығарма.
2. Орындау.
3. Тыңдау.

/Музыканың өмірдегі жалпы моделін көрсету./

Жанрлар:

1. Эн.
2. Би.
3. Марш.
4. Күй.

**Оқытудың мақсаты:** Терминдерді білу: композитор, орындаушы, тыңдаушы, эн, би, марш, күй. Орындаушының, тыңдаушының дене қалпы, дыбыстың шығуы, пайда болуы.

**Сабақта қолданылатын музыкалық шағармалар:**

1. Ө.Бәйділдаев «Сүйкті мектебім» (сыныпқа кіру).
2. Е.Брусилловский «Марш» (тыңдау).
3. Халық эн - биі «Қамажай» (тыңдау).
4. Л.Хамиди «Қазақ вальсі» (тыңдау).
5. Абай «Айттым сәлем, қалам қас» (тыңдау).
6. Халық күйі «Кеңес» (тыңдау).
7. А.Жұбанов «Би күйі» (тыңдау).
8. И.Нүсіпбаев «Жалау» /Балапан/ (үйрену).
9. С.Рахманинов «Италиян полькасы» (тыңдау, орындау).
10. Б.Ғизатов «Мектеп вальсі» (тыңдау).

### **Екінші сабақ - 2 сағат**

**Сабақтың тақырыбы:** МАРШ

**Сабақтың мақсаты:** Өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларға байланысты марштың түрлерімен танысу.

**Тәрбиелік мақсаты:** 1 сабақтағы тәрбиелік мақсаттарды қараңыз.

**Дамыту мақсаты:** Өмірдегі марштың әр түріне қатысты музыкалық үлгілер арқылы оның мәнерлігін көрсету. Көп даустылық дыбыстарды әсерлеу, екпін, регистр, легато – стаккато сияқты жалпы марштың ырғақтылығына, екпінділігіне, сипатына ықылас қою.

**Оқыту мақсаты:** Дағдылар - түзу отыру керек; дыбыс шығару, дыбыстың пайда болуына түсініктеме. Әннің қозғалыс-жүрісін, әннің сөздерін, буындарын, бөлшектерін, қол бейнесімен не суретпен дыбыстың биіктігін қадағалау. **Сабақта қолданылатын музыкалық шығармалар:**

1. Е.Брусиловскийдің «Марш» шығармасын тыңдау.
2. Орыс халық әні «Во поле береза стояла» - орындау, тыңдау.
3. Б.Ғизатов «Біз өмірдің гүліміз» - орындау.
4. М.Блантер «Футболшылар маршы» - тыңдау.
5. С.Чернецкий «Қарсы алу маршы» - тыңдау.
6. «Прионерлер маршы» - тыңдау.
7. «Ағаш солдаттар маршы» - П.Чайковский, тыңдау, орындау
8. И.Нүсіпбаев «Жалау» - қайталау.
9. С.С.Прокофьев «Марш» - тыңдау, сыныптан шығу.

### **Үшінші сабақ - 2 сағат**

**Тақырып:** Күй.

**Сабақтың мақсаты:** Қазақ халқының ерекше музыкалық жанрымен «Күй» деген ұғыммен танысады.

**Тәрбиелік мақсаты:** Өз елінің музыкасын сүю, қадірлеу. Күйлерді тыңдап, аспаптармен танысу.

**Дамыту мақсаты:** Жеке аспапты шығармалармен, оркестрге арналған шығармалармен танысады. «Оркестр» деген ұғымға түсінік беріледі, олардың әртүрлі болатындығы ескеріледі.

**Оқыту мақсаты:** Айтылатын әндердің таза орындалуын, дыбыс биіктігін аңғару және дыбыс үндестігіне назар аударылады.

**Сабақта қолданылатын шығармалар:**

1. Құрманғазы «Сарыарқа» - сыныпқа кіру.
2. Б.Ғизатов «Біз өмірдің гүліміз» - қайталау.  
«Во поле береза стояла» - қайталау.
3. Халық күйі «Кеңес» (жеке домбырамен және оркестрмен орындалуы) - тыңдау.
4. Б.Ғизатов «Жас ұландар маршы» - үйрену.
5. Орыс халық биі «Камаринская» (жеке балалайкада және оркестрмен орындалуы) - тыңдау.

### **Төртінші сабақ - 2 сағат**

**Тақырып:** Би

**Сабақтың мақсаты:** Жалпы өмірде қандай ситуацияда би музыкасының үні шығатынын анықтау.

**Тәрбиелік мақсаты:** Балалардың санасында мақтаньш (ұлттық мәдениет және композиторлар), сүйсіну сезімдерін ояту.

**Дамыту мақсаты:** Мәнерлік құралдар арқылы балалардың санасын ұлғайту, кеңейту, ән, би, марш, күй тыңдағанда кездесетін биге жататын үлгілерді білу. Назарын ырғақ есту сезіміне аудару. П.И.Чайковский,



Л.Хамидидің шығармашылығымен таныстыру, олардың мәдениеттегі ролін көрсету.

**Оқытудың мақсаты:** «Пульс» деген ұғымды бекіту, ұзын, қысқа дыбыстарға түсінік беру (та - ти – ти). «Екі дыбыс» туралы ұғымды бекіту.

**Қолданылатын материалдар:**

1. Дәулеткерей «Қос алқа» - (домбыра – оркестр).
2. Л.Хамиди «Қазақ вальсі» - (әнші – оркестр).
3. Орыс халық әні «Во поле береза стояла» - орындау.
4. «Біз өмірдің гүліміз», «Жас ұландар маршы» - қайталау, үйрену.
5. «Вальс» - «Ұйқыдағы ару» балетінен П.Чайковский – оркестр - тыңдау.
6. Н.Дүкенбай «Өнерпаз баламыз» - тыңдау, үйрену.
7. С.Рахманинов «Италиян полькасы» - тыңдау, орындау.
8. «Түлкі» әуеннің қазақша нұсқасын үйрену.

**Бесінші сабақ - 2сағат**

**Тақырып:** Сипаттамалы би (характерный танец).

**Тәрбиелік мақсаты:** *Күлкі проблемасы, кей жағдайда ұлғайту, бидің сипаты жөнінде ұғым беру. «Мелодия» деген терминді білу.*

**Оқулық мақсаты:** Музыкалық сауаттылыққа көңіл бөлінеді. Сыныпты «партияға» бөлу, қысқа, ұзын ноталарды айту (та –ти –ти).

**Қолданылатын музыкалық шығармалар:**

1. Л.Хамиди «Қазақ вальсі» - тыңдау.
2. «Ұйқыдағы ару» балетінен «Вальсті» тыңдау.
3. Д.Шостакович «Әзіл - вальсі» - тыңдау.
4. Н.Дүкенбай «Өнерпаз баламыз» - қайталау, орындау.
5. Халық күйі «Қара жорғаны» тыңдау.
6. Халық ән-биі «Қамажай» - тыңдау, үйрену.

**Алтыншы сабақ - 2 сағат**

**Сабақтың негізгі тақырыбы:** Ән

**Мақсаты:** Ән мелодиясыз (әуенсіз) өмір сүрмейді және әр көркем музыка кішкене де болса - Ән.

**Тәрбиелік мақсаты:** Мейірімділік, қайғы-қасірет, жан ашу сияқты сезімдерге баулу, мектепке, мұғалімге, ата-анаға деген сүйіспеншілікті білдіру. Жан-дүниесіне (ықылас) мейірімділік проблемасын ескерту.

**Дамыту мақсаты:** Мелодияның (әуеннің) әртүрлі дамыуна түсінік беру, әр материалдың әр түрлігі, ырғақ туралы түсінікті бекіту, фраза туралы музыкалық пікірді пысықтау (обобщение).

**Оқытудың мақсаты:** Екі дауысты орындауға дайындық жұмысы. Унисон және дикцияны қадағалау. Дирижерлық тәсілдерді түсіну.

**Қолданылған музыкалық шығармалар:**

1. П.И.Чайковский «Ұйқыдағы ару» балетінен «Вальсті» тыңдау.
2. Қазақ халық ән-биі «Қамажай» - тыңдау, орындау.
3. М.Блантер «Футболшылар маршы» - тыңдау.

4. «Қара жорға», «Кеңес», «Қосалқа» күйлерін тыңдау.
5. Л.Бетховен «Сурок» - тыңдау.
6. Қ.Сатиев «Өсіп келе жатырмын» - үйрену.
7. И.Нүсіпбаев «Мұғалім ол біздің» - үйрену.
8. В.А.Моцарт «Бесік жыры» - тыңдау.
9. Б.Ғизатов «Біз өмірдің гүліміз» - орындау.

### **Жетінші сабақ - 2 сағат**

**Негізгі тақырып:** Музыка жанырларының өзара ұласуы, кездесуі.

